



**«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖЖКББМ
(Орал қаласы) мен
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан) арасындағы**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

«24» 02 2026 ж.

Ректор Шәкешев Бекболат Теміржанұлы Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «1-Тарап» деп аталады және екінші жағынан (03.09.2021ж. №184) бұйрық негізінде әрекет бұдан әрі «2-Тарап» деп аталатын, Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан әрекет ететін университет вице-ректоры Э.Қ.Идрисова, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар төмендегі мазмұнда осы Келісімге қол қойды:

1. КЕЛІСІМНІҢ МАҚСАТЫ

1.1. Осы Келісімнің мақсаты әріптестік қатынастарды орнату және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласында ұзақ мерзімді, тиімді ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ озық тәжірибені пайдалану және бірлескен ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін оқу үдерісіне және өндіріске енгізу, ғылыми әлеуетті дамыту және теңдік, өзара тиімділік, өзара түсіністік, құрмет және сенім қағидаттары негізінде мамандарды кәсіби даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар ынтымақтастықтың мынадай бағыттарын айқындайды:

- 2.1.1. перспективалы жобалар туралы ақпарат алмасу;
- 2.1.2. аналитикалық, статистикалық және құқықтық ақпарат алмасу;
- 2.1.3. ғылым мен өндірістің өзекті бағыттары бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларды (бағдарламаларды) жүргізу;
- 2.1.4. бірлесіп жүргізілетін ғылыми зерттеулер бойынша материалдарды жариялау және алмасу;
- 2.1.5. бірлескен жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерін Патенттеу және лицензиялау бойынша кеңестер;
- 2.1.6. бірлесіп аяқталған ғылыми жобаларды одан әрі коммерцияландыру тұрғысынан бағалауды жүргізу;
- 2.1.7. халықаралық деректер базасында индекстелетін басылымдарда оқытушылардың, қызметкерлердің, аспиранттардың, докторанттар мен магистранттардың ғылыми мақалаларын жариялауға жәрдемдесу;
- 2.1.8. симпозиумдар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, телекөпірлер және т. б. бірлескен ұйымдастыру және өткізу.;



2.1.9. тағылымдама, профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

2.1.10. оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді бірлесіп әзірлеу;

2.1.11. университеттің келесі білім беру бағдарламалары бойынша дәрістердің жекелеген курстарын оқу үшін жоғары білікті мамандарды тарту: 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау; 7M015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау; 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау; 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау; 7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарын даярлау.

2.1.12. Тараптар базасында аспиранттардың, докторанттардың, магистранттардың және студенттердің тағылымдамадан және кәсіби практикадан өтуі;

2.1.13. магистранттарды, докторанттар мен аспиранттарды ғылыми-зерттеу жұмысына ғылыми консультанттарды тарту;

2.1.14. осы Келісім шеңберіндегі Тараптардың қызметі туралы жұртшылықты хабардар ету

3. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ІС ҚИМЫЛЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Тараптардың ынтымақтастығын жүзеге асыру мақсатында:

3.1.1. осы Келісімнің мәніне қатысты ақпаратты бір-біріне жазбаша нысанда сұрау салу жолымен сол күште алмасады;

3.1.2. бірлесіп пысықтау үшін жоспарланған жобалар бойынша бір біріне ақпарат пен ұсыныстар жібереді;

3.1.3. Тараптардың уәкілетті өкілдерін тарта отырып, бірлескен кеңестер өткізеді;

3.1.4. қажет болған жағдайда бірлескен жұмыс және консультативтік топтар құрады, сондай-ақ Тараптардың өзара келісімі кезінде құрылған бейінді жұмыс және консультативтік топтардың жұмысына қатысады.

3.2. Әрбір Тарап осы Шарттың талаптарын орындау үшін байланыс тұлғалары ретінде әрекет ететін жауапты тұлғаны немесе бөлімшені тағайындайды:

- «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті ЖЖББМ тарапынан байланыс бөлімшесі ғылым және халықаралық байланыстар бөлімі болып табылады (тел. 8 (7112) 50-99-90, e-mail: reception@wkitu.kz)

- Екінші Тараптан __+77013343591, e-mail: zhomart_til@mai.ru

4. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ШАРТТАРЫ

4.1. Келісім шарт болып табылмайды және тараптар үшін осы Келісімнің 4.3-тармағында баяндалғаннан басқа ешқандай заңды және қаржылық міндеттемелер жасалмайды;

4.2. Тараптар Келісімді орындауға немесе түсіндіруге қатысты туындауы мүмкін мәселелер шеңберінде кеңестер өткізе алады;

4.3. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан алынған ақпаратты Тараптың ақпаратын берген жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермейді;

4.4. Тараптардың бірі ұсынған деректерді пайдаланған кезде екінші Тарап ақпарат көзіне сілтемені қамтамасыз етеді;

4.5. Тарап екінші Тарапты алдын ала жазбаша хабардар еткен жағдайда осы Келісім шеңберінде екінші Тараптың логотипін пайдалануға құқылы;



4.6. Тараптар Тараптардың логотиптерін осы Келісімнің 1.1-тармақта көрсетілмеген жарнамалық және өзге де мақсаттарда пайдалануға құқылы емес.

5. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

5.1. Келісім қазақ тілінде, екі данада әр тарап үшін бір данадан жасалды.

5.2. Осы Келісім Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Келісімді бұзуға ниет білдірмесе және бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, осы Келісім келесі 5 (бес) жылға ұзартылуы (ұзартылуы) мүмкін.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Тараптардың бірлескен іс-шараларды (бағдарламаларды), сондай-ақ осы Келісім шеңберіндегі басқа да міндеттемелерді іске асыру жөніндегі қаржылық өзара қарым-қатынастары осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша шарттарда (келісімдерде) айқындалатын болады.

6.2. Осы бірлескен қызмет туралы келісімде көзделмеген басқа мәселелер бойынша тараптар ҚР қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

6.3. Осы Келісімге Тараптар толықтырулар мен өзгерістерді тараптардың өзара келісімі бойынша қажеттілігіне қарай өзара тиімді шарттарда енгізеді.

ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

090000, Орал қаласы,
Н.Назарбаев даңғылы, 208
ИИК KZ556017181000001465
БИК HSBKZKX
АҚ «Халық банкі»
Кбе 17, БИН 150940012491

Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университетінің ректоры

Б.Т.Шакешев

161200, Түркістан қаласы,
Б.Саттарханов даңғылы, 29 В
ИИК KZ436010291000010707
БИК HSBKZKX
Қазақстан Халық банкі АҚ
Кбе 16, БИН 990440008043

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің вице-ректоры

Э.Идрисова



Handwritten signature